

## Қаржылық есеп және оның қоғамға пайдасы

Кез келген мемлекеттің қаржы жүйесінің табысты жұмыс істеуінің міндетті шарты, оны басқарудың негізгі функциясы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау болып табылады.

Мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік даму деңгейі, қоғамдық өмірдің барлық салаларында жұмыс сапасын жақсарту оның ұйымдастырылуы мен көріну формаларына байланысты.

Мемлекеттік аудиттің мақсаты бюджет қаражатын, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін басқарудың және пайдаланудың тиімділігін арттыру болып табылады.

«Мемлекет басшысының 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 18 желтоқсандағы №449 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудитті енгізу тұжырымдамасы бекітілген болатын.

Осы Тұжырымдамада мемлекеттік аудитті енгізудің және мемлекеттік қаржылық бақылауды дамытудың жалпы 3 тәсілдері қарастырылған, қаржылық есептілік аудиті, сәйкестік аудиті және тиімділік аудиті. Тұжырымдаманың басым бағыттарын іске асыру барысында «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» заң қабылданды. Бұл ретте заң мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау ұғымдарын нақты ажыратады.

Аталған заң талабына сәйкес қаржылық есептілік аудитіне тоқталып өтсек.

Қаржылық есеп аудиті – бұл қаржылық есептіліктің анықтығы, бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау тәртібінің Қазақстан Республикасында бухгалтерлік есеп пен

қаржылық есептілік заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі негізінен бағалау болып табылады.

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2016 жылғы 31 наурыздағы №5-НҚ нормативтік қаулысымен «Қаржылық есептілік аудитін жүргізу бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарты» бекітіліп, онда сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары жүзеге асыратын шоғырландырылған және жекелеген қаржылық есептілікке аудит жүргізуге қатысты қағидаттары мен тәсілдері айқындалған.

Осыған байланысты Маңғыстау облысы бойынша тексеру комиссиясымен жыл сайын бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің жасақталуына мемлекеттік аудит жүргізуде. Соған қысқаша тоқталсам, өткен жылы Жаңаөзен қаласының жергілікті бюджетінің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне мемлекеттік аудит жүргізіліп, нәтижесінде 13 862 522,3 мың теңгеге қаржылық есептіліктің бұрмалануы (оның ішінде өтеуге жататыны 4 237,0 мың теңге (аудит барысында – 4 237,0 мың теңге өтелді), қалпына келтіруге жататыны 13 858 285,3 мың теңге (аудит барысында – 3 404 941,7 мың теңге қалпына келтірілді)), 208 360,1 мың теңгеге қаржылық бұзушылықтар (оның ішінде қалпына келтіруге жататыны 208 360,1 мың теңге), бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану 121 776,7 мың теңге, рәсімдік бұзушылықтар болып табылатын қаржылық есептіліктің бұрмалануы

4 731 474,5 мың теңге және 33 бірлік рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар анықталды.

Бұл бұзушылықтардың орын алу себептері – жергілікті бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілікте негізгі құралдар сомасы артық көрсетілуінен, жарғылық капиталға ұлғайту үшін берілген мүліктер бухгалтерлік есепке алынбауынан, бухгалтерлік есептіліктен негізгі құралдар уақытылы шығысталмауынан және нақты жоқ негізгі құралдардың бухгалтерлік есептілікте негізсіз көрсетілуінен, орындалмаған жұмыстарға негізсіз төлем жүргізілуінен, мемлекеттік сатып алу бойынша өнім берушілерге қайтарылуда жататын конкурстық және шарт бойынша қамтамасыз ету сомалары уақытылы қайтарылмауынан, жасақталған жобалау-сметалық құжаттамалар 5-10 жылдан асып іске асырылмауынан, бухгалтерлік есептілікті жүргізуде бұрмалаушылыққа жол берілуінен орын алған.

Жалпы бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің дұрыс жүргізілуі, Қазақстан Республикасының ӨҚБТК-нің 238-бабымен әкімшілік құқық бұзушылық жауапкершілігі қарастырылған.

Тексеру комиссиясымен 2024 жылы барлығы 20 мемлекеттік аудит объектісінде 31 лауазымды тұлғаларға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық фактілері анықталып, құжаттар уәкілетті органдарға жолданып, тиісті айыппұлдар салынған болатын.

Сондықтан жауапты тұлғаларды қаржылық есептіліктің анықтық жүргізілуіне, бухгалтерлік есеппен, қаржылық есептілікті заңнамада белгіленген талаптарға сәйкес жасауға шақырамыз.

**Б.КОРБАКОВ,**  
тексеру комиссиясының мүшесі.

## Жануарларға қамқорлық – тәрбие негізі

Балабақшамыздың кіші тобында «Үй жануарлары» тақырыбында ұйымдастырылған оқу іс-шарасы өтті.

Іс-шараның мақсаты – балалардың үй жануарлары туралы түсініктерін кеңейту. Олардың адамға тигізетін пайдасын айту. Үй жануарларына байланысты жұмбақ, тақпақтар айтқызып сұрақ-жауап арқылы балалардың тілін, ойлау қабілеттерін дамыту. Үй жануарларына қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

Ұйымдастырылған іс-шарамыздың барысында балаларға үй жануарларының суреттерін көрсетіп, әр түрлі үй жануарларының атауларымен таныстырдым. (түйе, қой, сиыр, ит, мысық т.б.). Балалар үй жануарларының қалай дыбыстайтынын естіді, олардың берер пайдасын, олардан сүт, құрт, ірімшік, айран секілді табиғи өнімдерді алатынымызды, сондай-ақ терілерін киім өндіруде де қолданатынымызды білді. Балаларға сұрақ-жауап қою арқылы сөздік қорын байыту жұмысы жүргізілді. Түйе, сиыр, қой секілді үй жануарларының шөп, арпамен қоректеніп, су ішетіні туралы мағұлмат бердім. Үй жануарларының табиғатқа қандай көркем сұлулық беретінін, адамдарға ішіп-жесе тағам, мінсе көлік, кісе киім екенін, олардың бізге тигізетін пайдасын түсіндірдім. Тәрбиеленушілеріміз бірге «Төлін тап» атты дидактикалық ойын ойнап, сергіту сәтін жасап, балалардың ойлау қабілетімен қоса, дене қимыл-қозғалысын арттырдық. Іс-шара соңында балалар үй жануарларының суретін бояп, шығармашылық қабілеттерін де арттырды.



Қорытындылай келе балалар үй жануарларын біліп танып, олардың қандай дауыс шығаратынын, немен қоректенетінін, олардың адамдарға тигізетін пайдасы туралы білді. Балалар ұйымдастырылған іс-шараға белсене қатысып, қызығушылықтарын арттырды.

**Д.АМАНЧАЕВА,**  
№2 санаторлық бөбекжайының тәрбиешісі.

## Ақтау қаласы мен іргелес елді мекендер тұрғындарының НАЗАРЫНА!

Қадірлі тұтынушы!

«МАЭК» ЖШС кәсіпорнында өндірілетін ауыз су үшін тағам өнімдері қауіпсіздігінің менеджменті жүйесі енгізілгендігін қаперлеріңізге береміз.

«Тамақ өнімдерінің қауіпсіздік менеджменті жүйесі, тамақ өнімдерін құру тізбегіне қатысатын ұйымдарға қойылатын талаптар» КР СТ ISO-22000-2019 талаптарын сақтау мақсатында 7.4.2 тармағының 1) тармақшасына сәйкес сыртқы жеткізушілер мен мердігерлерді өнім, оны пайдалану мүмкіндігі, бөлу, дайындау, сақтауға қойылатын талаптар және жарамдылық мерзімі туралы хабардар ету қажеттілігі ұйғарылады.

«МАЭК» ЖШС өндірген ауыз су:

- тұрғындарға ауыз су мақсатына пайдалануға;
- тағамдар мен сусындар дайындауға;
- көкөністер мен жемістерді консервілеуге;
- концентратталған өнімдерді қалпына келтіруге;
- ішілетін дәрілік препараттарды қалпына келтіруге;
- тұрмыстық мақсаттарға пайдалануға;
- гигиеналық және косметикалық мақсаттарға пайдалануға;
- жануарлар мен құстарға қолдануға;
- бөлме өсімдіктерін суаруға;

- аквариумдарды толтыру үшін пайдаланылады.

Суды қосымша өңдеусіз ішуге пайдаланғанда су құрамындағы микробиологиялық ластануды болдырмау үшін пайдаланылатын хлорды жою мақсатында суды 6-24 сағаттай тұндырып қою керек.

Ауыз суды ысытылған күйде қолданғанда термиялық күйде болдырмау үшін қауіпсіздік шараларын сақтау қажет.

Тыныс алу жолдары ауруларын (ОРЗ, ангина т.б.) болдырмау үшін ауыз суды салқындатылған немесе тоңазытылған күйде аса көп қолданбаған дұрыс.

Ауыз суды пайдаланғанда немесе/және сақтағанда тағам өнімдеріне арналған таза ыдысты қолдану қажет.

Сақталу мерзімі – анықталмаған. Ауыз суды бөлу тұтынушылармен жасалған шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

**P.S.** Сондай-ақ тарату желісіне берілетін ауыз судың сапасы туралы ақпарат «МАЭК» ЖШС ресми сайтында орналастырылғанын еске саламыз. Бұл ақпарат ай сайын жаңартылып отырады.

«МАЭК» ЖШС

«Қазақ соқырлар қоғамы» қоғамдық бірлестігі «Маңғыстау» корпоративтік қорының жарғысы табылуына байланысты **ЖАРАМДЫ ДЕП САНАЛСЫН.** (Жарғының жоғалғаны туралы «Маңғыстау» газетінің №51 санында жарияланған)

## «МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» АҚ ҚОҒАМДЫҚ ТЫНДАУЛАР ӨТЕТІНІН ХАБАРЛАЙДЫ

<b>Жобаның атауы</b>	«Жетібай кен орнының игеру жобасы» және оған ықтимал әсерлер туралы есеп.
<b>Қоғамдық тыңдауларды өткізу күні, уақыты және орны</b>	2025 жылғы 21 тамызда сағат 15:00-да Жетібай кентіндегі «Жетібаймұнайгаз» ӨБ Орталық инженерлік-технологиялық қызметінің ғимаратының мәжіліс залында. Карантин режимі жағдайында қоғамдық тыңдаулар бейнеконференция арқылы (Microsoft Teams онлайн платформасында) өтеді. Конференция идентификаторы: <a href="https://teams.microsoft.com/l/meetup-join/19%3ameeting_NWVhNGEYnDUtNhhOS00N2YzLTk3ZmUyZ2RhYzI3MmY1NGI5%40thread.v2?context=%7b%22Tid%22%3a%22e4778351-b6a4-4b2f-96ed-267c152630db%22%2c%22Oid%22%3a%2225c68ce17-aa16-4141-b754-c72c3e2e2787%22%7d">https://teams.microsoft.com/l/meetup-join/19%3ameeting_NWVhNGEYnDUtNhhOS00N2YzLTk3ZmUyZ2RhYzI3MmY1NGI5%40thread.v2?context=%7b%22Tid%22%3a%22e4778351-b6a4-4b2f-96ed-267c152630db%22%2c%22Oid%22%3a%2225c68ce17-aa16-4141-b754-c72c3e2e2787%22%7d</a> Жиналыс идентификаторы: 478 386 619 367 0 Құпия код: 6ру3кW65
<b>Тұтынушының және құжаттаманы әзірлеушінің аты мен контактілері</b>	<b>Тұтынушы:</b> «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, ӨГЖКОИД игеру бөлімінің жетекші инженері Онгарбаев А., тел.211367, e-mail: a.ongarbaev@mngg.kz <b>Мердігер:</b> «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС филиалы «ҚазҒЗЖИмұнайгаз». Экология басқарма басшысы Элеанора Хаманова, тел.470244, e-mail: E.Khamanova@kmge.kz
<b>Жобалық құжаттама орналастырылған және ескертулер мен өтінімдер қабылданатын жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсының мекен-жайы</b>	<a href="https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings">https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings</a> <a href="https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/about?lang=ru">https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/about?lang=ru</a>
<b>Тұтынушының интернет-ресурсы</b>	<a href="https://www.mmg.kz">https://www.mmg.kz</a>
<b>Жергілікті атқарушы органның атауы және қоғамдық тыңдауды ұйымдастыруға жауапты тұлғаның байланыс деректері</b>	Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, Жобаларды экологиялық сараптау бөлімінің бас маманы Сабина Базарбай, тел. 46-21-31 (1210), s.bazarbay@mangystau.gov.kz
<b>Ұсыныстар мен ескертулер қабылданатын жергілікті атқарушы органның электрондық поштасының мекен-жайы</b>	mangystautabigat@gmail.com

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«TENGE Oil & Gas» ЖШС үшін 2025 жылға атмосфераға ластаушы заттардың рұқсат етілген шығарындылары нормативтерінің жобасын түзету және ықпал ету рұқсатын алу» бойынша ашық отырыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізетінін хабарлайды.

Қоғамдық тыңдау: Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Теңге ауылындағы Атамұра мәдениет үйінде 15.08.2025 ж. сағат 15.00-де өтеді.

Төтенше жағдайлар немесе шектеу шаралары енгізілсе, қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде ZOOM бейнеконференциясы арқылы өтеді, қосылу үшін сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/4039906152?pwd=ucU9BjGig7nnDGdWg1rS2uEjSqbUhi.1>

Конференция идентификаторы: 403 990 6152, Кіру коды: OYTXJ6.

Жергілікті атқарушы органның электрондық және пошталық мекен-жайы: Жобалық құжаттамамен бірыңғай экологиялық порталында <https://hearings.ndbecology.gov.kz>, сондай-ақ Маңғыстау облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/> орналастырылды, эл.пошта: s.bazarbay@mangystau.gov.kz арқылы танысуға болады.

Бастамашының мәліметі: «TENGE Oil & Gas» ЖШС, тел. +7 701-530-24-76, 8/72934/92301 (117), e-mail: abubakir\_1973@mail.ru, БСН 150940022022.

Жобаны жасақтаушы «BIG PROJECT & CONSULTING» ЖШС, e-mail. Big\_Project\_kz@mail.ru тел. +7 701-763-32-21, БСН 201140031245.

Қосымша ақпаратты мына эл. мекен-жай бойынша алуға болады: Big\_Project\_kz@mail.ru, тел. +7 701-763-32-21.

**АКАДЕМИК Е.А.БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ** экономика факультеті В044 «Менеджмент» мамандықтары тобына енетін ВВ04102 – «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығына **БІЛІМ ГРАНТЫНА ОҚУҒА ШАҚЫРАДЫ.**

Аталған білім гранттары Маңғыстау облысының мектеп бітіруші түлектеріне, ҚР Үкіметі қосымша белгілеген квота шеңберіндегі 2000 білім гранттары есебінен жүргізіледі. Білім грантына оқуға түсу үшін таңдаған В044 «Менеджмент» мамандығының және 031 – «BUKETOV UNIVERSITY» кодын белгілеуіне болады. Шекті бал–65. Университет коды – 031.

Толығырақ: [buketov.edu.kz](http://buketov.edu.kz).

**Тел. 8-701-438-10-23, 8776-753-68-00.**

(мемлекеттік лицензия: №КЗ 83LAA00018495 ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетімен 28.07.2020ж. берілген)

«МАҢҒЫСТАУ» газетіне

II жартыжылдыққа жазылу басталды!

**ҚҰРМЕТТІ МАҢҒЫСТАУЛЫҚТАР!**

Өлкенің бас басылымы облыстық «Маңғыстау» қоғамдық-саяси газетіне екінші жартыжылдыққа жазылу басталды. Газетке «Қазпошта» бөлімшесі арқылы және «Kaspi», «Halyk» банк қосымшалары арқылы онлайн жазылуға болады.



Толық ақпарат – 8 778 145 90 93

Бұл бос орын сіздің ТЕЛЕФОН: 20-48-42 ЖАРНАМАҢЫЗҒА арналған